



Әбжанов Сәмен

1922 жылы 10 мамырда қостанай облысы Аманкелді ауданы №8 Каганович ауылында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа аттанған. Украина, Белорусия

майдандарында соғысқан. Соғысты 1945 жылы Берлинде аяқтап, маусым айында генерал-полковник И.В.Гижовтың дивизиясының құрамында Ұлы Жеңіске арналған парадқа қатысқан. Елге келгеннен кейін еңбекке араласып, Мойынты-Шу теміржолын салуға атсалысты. Қостанай ауылшаруашылық техникумын бітірген. «комсомол жастар бригадасында» бригадир және аудандық кеңесің депутаты болып сайланған. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Гвардия» төсбелгісімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 2015 жылы қайтыс болған.